


ҮМБЕТӘЛІ  
КӘРІБАЕВ





**ҮМБЕТӘЛІ  
КӘРІБАЕВ**

# **ЖИНАҚ**

**І том**

**Құрастырушылар:  
Нағашыбек ҚАПАЛБЕКҰЛЫ  
Мұхит КӘРІБАЕВ**



**Алматы  
2009**

УДК 821.0  
ББК 83.3 Қаз  
Ү 58

**Ү 58 Үмбетәлі Кәрібаев: Жинақ.** – Алматы: 2009. – 296 бет.

ISBN 9965-34-989-4

ISBN 9965-34-990-8 – Т.1 – 296 б.

Бұл кітапта халық ақыны, Жамбылдың сүйікті шәкірті, суырып-салма ақын Үмбетәлі Кәрібаевтың өлеңдері, толғаулары, дастандары, арнаулар мен әзіл-сықақтары, нақылдары топтастырылған.

Үмбетәліні ұлы ұстазы Жамбыл мойындап, ақ батасын берген. Қара тілді, ақпа ақын өмір, табиғат, өзі өмір сүрген дәуірдің тыныс-тіршілігін, замана ағымын шабыттана жырлайды. Ақынның жүрекжарды сезімдері өлең болып өріліп, хатқа түскен. Оның айтыстары мен дастандарын оқып отырып, кең тынысты эпик ақын екендігін көреміз. Үмбетәлі тек қазақ халқына ғана емес қырғыз туыстарға да ақындығымен мәлім болды. Үмбетәлі тартқаны – домбыра, айтқаны - ән болып Жетісу өлкесіне танылған. Үмбетәлінің кейбір дастандары ертегі, аңыздармен де астасып жатады. Мұнда Үмбетәлі ақынның сан қырлы толғаныстағы жазбалары оқырмандарға ұсынылып отыр. Болашақ ұрпақ үшін бұл еңбектің маңызы үлкен.

Ақын мұрасын зерттеп, зерделеп, бұл жинақты құрастырған республикалық кітап мұражайының ұжымы. Ү.Кәрібаевтың бұл жинағы ақынның туғанына 120 жыл толуына орай шығарылып отыр.

Ү 4603000000  
00(05)09

**УДК 821.0**  
**ББК 83.3 Қаз**

ISBN 9965-34-990-8 (Т.1)  
ISBN 9965-34-989-4

---

## ЖЫР ЖОЛЫМЕН

...Жетісудың жыр жүйрігімен сөйлесіп отырмын. Осы арада, сірә, тап басып, дәл айта алмай қалдым білем. Жоқ, ол Жетісу ғана емес, бүкіл республикамызға белгілі адам. Сондықтан, оны Қазақстандағы халық поэзиясының саңлағы деу орынды. Менің сөйлесіп отырған кісім – Үмбетәлі Кәрібаев.

Үмбетәлі 1889 жылы осы күнгі Алматы облысының Жамбыл ауданына қарасты Шолақ қарғалы деген жерде туған.

- Жадыраған жаз айының бір күнінде дүниеге келіппін. Әкем Кәрібай өмір бойы мал бітпеген қара сирақ кедей екен. Бірақ малдан ада болғанмен, баладан кенделік көрмепті, үйелмелі-сүйелмелі сегіз перзенті болыпты. Соншама жанды, шиеттей бала-шағаны бағып-қағу, асырау оңай ма? Әкеміз кедейліктің зардабын көп тартыпты. Жоқшылық, мұқтаждық дегендеріңіздің не екенін де жастайымыздан көріп өстік. Амал не, бәріне де көндік, - дейді Үмбекең өз өмірін еске ала келіп.

Кәрібай ойын-сауыққа үйірі де, зауқы да жоқ, өте момын, томаға-тұйық адам екен. Оған қарағанда, Үмбетәлінің шешесі Бөпежан абысын-ажындарымен аралас-құралас жүруді ұнататын, той-жиынға бара қалса, өз жанынан қиыстырып өлең шығара алатын кісі болыпты.

Шолақ байталдың құйрығындай шошаң етіп қала беретін шаруа жайы Үмбетәліні қос қолынан жетелеп апарып мал соңына салады. Жасы он екіге толған жылы жамағайындарында жалшылықта жүріп, қозы, бұзауын бағады. «Қадалған темір тікеннен табаным тілініп, өкшем талай қанады да», - деп сипаттайды Үмбекең өмірінің осы кезеңін.

Өзі ертеңді-кеш қой, қозының соңында салпақтап жүрсе де, Үмбетәлінің көңілі той-думанға ауа берді. Домбыра тартқанды, ән айтқанды қызық көреді. Әлденеге делебесі қозғандай болады. Шешесіне еріп барған шағында көрген ойын сауықтары, қыз-бозбаланың кезек айтысатын өлең сөздері оған қатты әсер етеді.

- Он екі-он үш жасымда Жамбылды көрдім. Бұл менің Жәкеңді тұңғыш көруім еді. Мен келгенде ол кісі қаумалаған халықтың ортасында өлең айтып отыр екен. Нәсерлеген сөз жауыны толастар емес сияқты. Менің қайран қалғаным,



---

Жамбыл өлең айтқанда тіпті іркілмейді екен. Емін-еркін көсіле, өктем сөйлейді екен... Жәкеңді көруім, оның жырын естуім өмірімде ұмытылмайтын ерекше оқиға болды. Тегінде менің бойымдағы ақындық сезімді оятқан да осы кездесу-ау деймін...

Үмбетәлі осылайша бір толғанған шақта сонау артта қалған алыс жылдарға оймен оралғандай, әлденелер есіне түскендей болып, әлі нұры тоймаған кішілеу көздерін саған қадай қояды.

Өмірінің мұнан арғы кезеңін ақын өлеңмен баяндап кетеді. Бағанадан бері менімен жай әңгімелесіп, сөз арасында өлең қоспай отырған Үмбетәлі осы араға келгенде жырға ауысады:

Келгенде он жетіге молда көрдім,  
Ынтамның барлығынан зорға көрдім.  
Көтертіп бір баланы бір балаға,  
Бәлені дүре деген сонда көрдім.

Жүлдесін жұмалық деп ұқтыратын.  
Әкел деп бейсенбілік сықпыртатын.  
Орындап осы айтқанын бара алмасам,  
Шыңғыртып шыбықпенен шықпыртатын.

Мөлтілдеп көзден талай ағып жасым,  
Бойыма тарамайтын ішкен асым.  
Қорғалап қорыққаннан қу молдадан,  
Өргенде дірілдейтін төбе шашым.

Молдадан еш рақым көргенім жоқ,  
Ұрса да, соқса да мен өлгенім жоқ.  
Алты айда хат таныдым әрең-әрең,  
Азғырған өзөзілге ергенім жоқ.

Өлең демекші, сөз реті келгенде айта кететін бір нәрсе: Үмбетәлінің «Өз өмірімнен» деп аталатын ұзақ толғауы бар. Ақын өмірінің басты-басты белестері осы толғаудан шынайы қалпымен, шыншыл күйімен көрінеді.

Бозбалалық дәуреннің пердесін түріп, айналаңды анықтап көрсете бастайтын әрі албырт, әрі балғын дүниесіне қарай жетектей бастайды.

---

Оқуды алты айдан соң кеттім тастап,  
Ақындық жетектеді мені бастап.  
Домбыра ақындықтың серігі деп,  
Басыма алып келіп жаттым жастап.

Алайда Кәрібай ақсақал баласының ән-күйге, домбыраға әуестігін жақтырмай:

- Ендігәрі көзіме көрсетпе мұныңды... Біздің тұқымда өлең айтқан ешкім жоқ еді. Сен ақын болмай-ақ қой, шырағым, - деп тіпті де бет бақтырмайды. Баласы әкелген домбыраны ортасынан екі бүктеп сындырып тастайды.

Өлеңді өнер деп білген Үмбетәлі әке тілін алмайды. Сынған бір домбыраның орнына екіншісін, үшіншісін әкеле береді.

Жылдар жылжып, жасы жиырмаларға келіп қалған Үмбетәлі енді ойын-тойларда домбыра тартып, өлең айтуды үдете түседі. Ел арасында «Үмбет ақын» атанады. Бұрынғыдай емес, ауыл-аймақтан асып, басқа жерлерге де сапар шегеді. Ол Шолақ қарғалыдан шығып, Үлкенсаз, Ботасаз, Майтөбелерді аралайды. Жүрген жері - қызық думан, қасына ерткені жігіт-желең, тартқаны домбыра, айтқаны ән болып Үмбетәлі Жетісу өлкесін жаяу кезеді.

1909-1912 жылдардың аралығында айтылған, қағаз бетіне кейініректе түсіруіліне байланысты ақынның бұрынғы жинақтарына енгізілмеген өлеңдері: «Ақылдан білімді адам пайдаланар», «Ақымаққа өлең айтсаң...», «Бозбалаға», «Жақсы қыз», «Айтыста кездескен екі қызға», «Өзіме мол жетеді өз ақылым», «Тұрымтайға» деп аталады.

Кейбірінің аттарынан да көрініп тұр, Үмбетәлінің бұл өлеңдерінде жақсылық пен жамандық, махаббат пен достық жайлары паш етіледі, екі айналып келмейтін жастық шақтың тәтті сәттері, қымбатты мезеттері айтылады. Біз оның шыншыл да сыршыл жырларын құмарта оқимыз. Жамбыл мен Шашубайда көңіл күйлерін шертетін осындай бір нәзік өлеңдер болушы еді. Үмбетәлі соларды еске түсіреді.

1913жылғы «өстепкеге» Үмбетәліде қатынасады. Ақынның бай-манаптарға, патша әкімдеріне, олар ұйымдастырған көрініске қалай қарағаны жоғарыда аты аталған «Өз өмірімнен» дейтін толғауында толық баяндалған.

Үмбетәлінің айтысса айтып озатын, тартысса тартып озатын мықты ақын екені қазақ елі түгіл, көршілес қырғыз туыстарға да мәлім бола бастайды.

---

1914 жылдың жазында Үмбетәлі қырғыз елін аралуға аттанады. Майдамтал, Қуақы асуларынан асып, екі таудың аралығындағы Қошқарға дейін барады. Қырғыз бауырлар он саусағынан өнер тамған өрен жігітті қаумаласып қарсы алды. Қайда жиын, қайда той, Үмбетәлі сонда болады, қолдан домбыра түспейді, ауыздан жыр кетпейді. Қалың қырғызға мінезімен де, өнерімен де жаққан қазақ жігіті сол жақта төрт айдай жүріп қалады.

Жетісуға қайтып оралғаннан кейін де Үмбетәлі ел аралап өлең айтуын тоқтатпаған. Ол Қарқара мен Текесті, Шу мен Меркені, тағы басқа жерлерді өз көзімен көріп, тегеурінді жырларымен талай жұрттың мейірін қандырған.

Әрине, ақынның революцияға дейінгі өлең жырларында әлеуметтік сарындар оншама күшті сезіле қоймайды. Рас, Үмбетәлінің Нұрсапамен айтысында (1914) ол кездегі өмір шындығының кейбір көріністері ашылмайды. Ескі ауылда өскен, жөндел сауатын аша алмаған ақынға «анау неге жоқ, мынау неге жоқ» деп кінә тағу да қиын.

Біздің байқауымызша, Үмбетәлінің 1916 жыл оқиғасына арнап шығарған «Халықтың ыза-ашуы» дейтін өлеңі оның ақындық өнеріндегі елеулі бетбұрыстың басы сияқты.

Қайнайды қазандай боп ашу-ыза  
Зіл түсті кәрімізге, жасымызға  
Құтылып қармағынан қанқорлардың  
Күн бар ма теңдік тиер басымызға!- дейді ол.

Осынау шумақтан біз азаттық дүниесін аңсаған, жақсылықты алдан күткен адамның ой-сезімін танимыз.

Ақын туралы, оның өмірдегі орны туралы толғану, халықтың мұңын мұңдап, жоғын жоқтау басты парыз екенін аңғару Үмбетәлі жырларында молая түсетін сарынның бірі деуге болады («Өзім туралы», «Ақын»).

Осы арада Үмбетәлінің жалпы ақындық өнерінің ұшталуына Жамбыл ықпалы мықтап тигендігін атап айтып мүмкін емес тәрізді. Жамбылды ол кісінің өзі ылғи құрметпен еске алып, ардақты ұстазым еді деп аузынан тастамайды. 1924 жылы екеуі бір жиында аздап айтысып та қалады. Жыр ақсақалының сондағы тапқырлығын, шашасына шаң жұқтырмас жүйрік екенін Үмбетәлі осы күнге дейін әңгімелеп отырады. 1936 жылы Жамбыл Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталғанда, оған алдымен өлең

---

арнағандардың бірі Үмбетәлі болуының өзі кездейсоқ емес-ті.

Жамбыл да өзінің ақын інісін жоғары бағалап, оның ақындығына ден қойған Октябрьден кейінгі жылдар. Басқа да қарт ақындар сияқты, Үмбетәлі де жаңарған дүниені, бақытқа қолы жеткен халықты көрді. Ол енді өзінің еңбекші табына: «Ағарып бостандықтың атты таңы, жұтайық соның нұрын біргелесе» дейтін болды; қазақ кедейлерін ұйымдасуға, жаңа өмірге араласуға шақырды. Жетісуда алғаш колхоз құрылғанда, Үмбетәлі партия мен үкіметтің бұл саясатын ауылда қостағандардың, құптағандардың бірі болды. Бас болып колхозға кірді. Онан кейінгі кезеңдерде совхоз малын бақты.

Ең негізгісі – жыр тоқтаған жоқ. Қайта, Кеңес өкіметі жылдарында Үмбетәлі өзінің талантын туған еліне айқын танытатын өлеңдер мен дастандарды бірінен соң бірін жариялап, есімі байтақ өлкемізге мәлім болған көрнекті халық ақындарының қатарына қосылды.

Үмбетәлінің халық поэзиясын өркендету ісіне сіңірген елеулі еңбегі ескеріліп, 1961 жылғы маусым айында, Қазақстанның 40 жылдық мерекесі өткізілу қарсаңында, оған «Қазақ ССР-нің халық ақыны» дейтін құрметті атақ берілді. Осы фактінің өзі-ақ бізде халық арасынан шыққан таланттарға зор ілтипат көрсетілетін дәлелдейді емес пе?

Жүздеген өлең-жыр, оншақты толғау, дастандар шығарған қарт ақынның барлық шығармаларын түгел қамтып, тегіс сипаттама беру мүмкін емес нәрсе. Дастандарын айтпағанның өзінде, Үмбетәлі жырлары мазмұн, тақырып жағынан алғанда сала-сала болып, өзінің кең шеңберімен көзге түседі.

Қайта туған халық, өзгерген өңір, жаңарған Жетісу, бекем ер, берік шекара, халықтардың туысқандығы мен достығы, кеңінен өрістетіп жатқан Советтік Отан – осының бәрі ақын шығармаларының өзегі, мазмұн өрісі. Санай берсек, бұған тағы да бірнеше тақырыптың отын жалғастыруға тура келер еді.

Мәселен, Абай тойына барған Үмбетәлі ауыз ашпай қалар ма? Заманымыздың ең түбегейлі мәселелерінің бірі - бейбітшілік туралы толғанбау мүмкін бе? Ғасырлар бойы құлазып жатқан даланы ырыс пен дәулеттің өлкесіне айналдырған тың игерушілердің ұлы ерлігіне сүйсінбеуге бола ма?

Әлбетте, бұлар ақын атаулыға ортақ тақырыптар. Жетісу жерінің сұлулығы мен байлығы туралы жазылған өлең аз емес.



---

Ілияс Жансүгіровтың, Жамбылдың, Сырбай Мәуленовтың шығармаларын еске түсіріп көрейікші. Қаншама ортақ тақырып дей тұрсақ та, осынау ақындардың өлеңдері бір-біріне мүлде ұқсамайды емес пе? Сондай өзгешілік жаңарған Жетісуды жырына арқау еткен Үмбетәліден де табылады.

Мысалы, ақ бидайдың қалай суреттейді екен десеңіз, мына екі жол өлеңді оқи қойыңыз:

Бір басы бір баланы тойғызғандай,  
Күлімдеп күнге қарап тұрған пісіп

Жә, ақын жырларына баға беруді оқушылар жұртшылығының сыбағасының қалдырайық та, енді оның толғаулары мен дастандары туралы бірер сөз айтуға көшейік.

Ақынның өз басында болған жағдайлармен танысқысы келген кісі «Өз өмірімнен» дейтін ұзақ өлеңін оқып шықса, біраз мәлімет алады. Ал Октябрьден бергі дәуірде еліміз бастан кешірген оқиғалар, басты-басты кезеңдер «Өмір өткелдерінде» Отан бейнесі алынады.

Белгілі бір оқиғаға құрылып, нақты кейіпкер тіршілігімен байланыстырыла айтылған «Малшы», «Қуат» дастандары алдыңғы екі шығармадан өзгешелеу. Біз Марқаның да, Қуаттың да өмір жолына көз жіберсек, олардың қандай өткелдерден өткенін, жаңа тұрмыс орнатушылар сапына қалай қосылғанын көреміз.

Үмбетәлінің ендігі бір дастандары ертегі, аңыздармен атасып жатады. Бұлардың ішінде «Төрт өнерпаз хикаясы» (ақынның өзі ертегі деп атапты) айрықша орын алады. Мұнда ақын аса тапқырлық, шеберлік көрсеткен.

Дастандар мен толғаулар тобынан оқшаулау тұратын бір шығарма бар. Ол - «Бақтыбай». Кәдімгі Жетісудың Бақтыбайы.

....Елу жыл бойы көмейінен жыр төккен, сонда да қажып-талмаған, халыққа көркем сөзбен қызмет еткен дүлдүл ақын Үмбетәлі Кәрібаев шынында да бақытты адам.

Отанның гүлді бағында

Сайраттың мені бұлбұл ғып,- деп, ақынның заманға дән ризалық сезімін білдіруі әбден орынды да, жарасымды да.


Гүл бағы жайнай берсін де, бұлбұл құстар сайрай берсін!

*Сағынғали СЕЙІТОВ.*



## **І БӨЛІМ**

# **ӨЛЕҢДЕР**



---

## БАТА АЛАРДА

Атақты Сүйінбайдан бата алғаның,  
Жасыңнан ақын Жамбыл атанғаның.  
Шәкірті Сүйінбайдың болғаннан соң,  
Үйіңде тыныш қана жата алмадың.  
Алғанмен қанша атақ, қанша абырой,  
Жәкем-ау, самбыл бай боп атанбадың.  
Әдейі ат арытып інің жетті,  
Қолыңды жай, сенен бар бата алмағым?!

1907

## ӨЗІМ ТУРАЛЫ

Шапырашты - әсілім,  
Айқым деген - нәсілім.  
Әйтек деген - арғы атам,  
Кәрібай - менің өз әкем.  
Үмбетәлі - шын атым,  
Сөз айтпаймын жасырын.  
Он төрт жасқа келгенде,  
Оқыдым ілім тәсілін.  
Он бес жасқа келгенде,  
Домбыра болды машығым,  
Өлең болды көбіне  
Он жеті жастан кәсібім.  
Қыр соңынан қалмадым,  
Секілді менің ғашығым.  
Өлең жырды айтқанда,  
Тау суындай тасыдым

1908



---

## БОЗБАЛАҒА

Шартарапты шарлауға  
Көңілден асқан жүйрік жоқ.  
Дүние деген баянсыз,  
Ұстайын десең құрық жоқ.  
Ауырғанда сыңқыл жоқ,  
Қас сұлуда мықын жоқ.  
Ел ішінде сұлу көп,  
Сұқтанбақ бар да, бұйрық жоқ.  
Берейін деген пендеге  
Табиғаттың несі жоқ?  
Болар -болмас нәрсеге  
Көзіңді сатып жүретін  
Бозбала, сенің есің жоқ.  
Құдайы жазса кететін  
Адамзатта несіп жоқ.  
Оу, сондықтан, қарағым  
Қыз соңында сүмеңдеп,  
Ерте де кеш ел кезер  
Ретің жоқ-ау, ретің жоқ!

1910

## ЖАҚСЫ ҚЫЗ

Жақсы қыз майдағы атқан таң секілді,  
Сарайда жанып тұрған шам секілді.  
Аршын төс, алма мойын, қолаң шаштың  
Көңлінде бір арманы бар секілді.  
Өзім де сондай қызға құмартамын,  
Дүниеде оған жалғыз жар секілді.

1910

---

## АЙТЫСТА КЕЗДЕСКЕН ЕКІ ҚЫЗҒА

Әзіл

Қасың мен қабағыңа қал болайын,  
Асыңа ішетұғын бал болайын,  
Қауындай қайсыңа жарылайын,  
Телқозы екеуіңе жар болайын.

1911

### 1932 ЖЫЛҒЫ АШАРШЫЛЫҚ

Шаттықпен атып ақ таңы,  
Жаңа өмір ақын бастады.  
Өзінше сүйіп қосылған,  
Бар еді сұлу жас жары.

Жұптары әсем жарасқан,  
Жүрегін гүлге оратқан.  
От басы болып ұл сүйіп,  
Сүйсінген елді қаратқан.

Жазылмай жұбы бір жүрген,  
Қиялға қанат ілдірген.  
Қасірет оты жақындап,  
Қаларын шіркін кім білген.

Нәубетке қолдан ұрынып,  
Үміттің жібі үзіліп.  
Зарлады қазақ даласы,  
Аштықтан азып, қырылып.

Қынадай орып отаған,  
Зұлымат қолдан жасаған.  
Бұл қалай деген ерлерді,  
Түрмеге айдап матаған.

Өр елге туып, сор заман,  
Ана мен бала зарлаған.  
Мың тоғыз отыз екіде  
Қазақты қайғы жайлаған.

---

Арманға жетпей көксеген,  
Қырылып боздақ көптеген.  
Заманның зарын аямай,  
Сталин жендет төккен ең.

Сәбилер қыршын қиылып,  
Аштықтан дәмі үзіліп.  
Өлексе сасып кең дала,  
Өліктер жатты үйіліп.

Жерінде жүріп қор болған,  
Бір үзім нанға зар болған.  
Астықпен емес кең дала,  
Ажалмен биік тау болған.

Талайды заман састырды,  
Бар малын алып аш қылды.  
Қасқайып қарсы тұрғанды,  
Жау көріп асып, атқызды.

Қара бұлт жаулап аспанды,  
Алапат өмір басталды.  
Әйел мен ұлға нан іздеп,  
Ескелді енді аттанды.

Арттағы ерген бала үшін,  
Үйдегі қалған жар үшін.  
Қайран ер кетті төнтіреп,  
Бір үзім қара нан үшін.

Ай өтіп, күн сап арасын,  
Көрсетіп еді қарасын.  
Таппады қайтып үйдегі,  
Әйел мен қалған баласын.

Бекітіп мықтап есікті,  
Басқадан іздеп несіпті.  
Бір жасар ұлды әйелі,  
Көшеге тастап кетіпті.

Жылаған ұлды көрікті,  
Иманды біреу көріпті.

---

Интернат үйі өлтірмес,  
Деп сонда әкеп беріпті.  
Онсыз да әлсіз жас сәби,  
Сол жерде жатып өліпті.  
Денесін Төрегелдінің,  
Ескелдінің жеңгесі,  
Зылиманға беріпті.  
Аштықтан өлген баланы,  
Апарып сыртқа көміпті.

Туғанда басқа зар заман,  
Қорқаулар ұлып қорлаған.  
Ел басына күн туса,  
Сатқындық қылған жар жаман.  
Болар деп әйел опасыз,  
Ол кезде кімдер ойлаған.

### **БІР ҮЗІМ НАН МЕН КЕРЗІ ҒІТІК НЕМЕСЕ ТОЙБАЛА АПАНЫҢ АЙТҚАНЫ**

Қайғыға қосар мұңыңды,  
Заманның зары қиын ды.  
Баласы өліп, жары кетіп,  
Өмірден ақын түңілді.

Көңілін шалып нала мұң,  
Қайғысы өтіп баланың.  
Баз кешіп кетті Ескелді,  
Даланың кешіп алабын.

Дегендей қайда барамын,  
Көп еді сонда ағайын.  
Дерегі болса әйелді,  
Тау жақтан іздеп табайын.

Сөйтті де тауға бет бұрды,  
Шиыршық атып ес жиды.  
Жамағат бар еді сол жақта,  
Үйлерін тауып, кеп кірді.

Келді де қалды аңырап,  
Ойран боп жатқан шаңырақ.

---

Ашыққан әйел балалар,  
Қол созды, нан деп жамырап.  
Не істерін білмей састы ақын,  
Асырау үшін от басын .  
Отаға кеткен ел кезіп,  
Өлтіріп қалай тастасын.

Қол созып бәрі жан-жаққа,  
Қырылып расы қалмақ па.  
Өз ұлы өлді ойлады ол,  
Құтқарып елді қалмаққа.

Қайырылып артқа Ескелді,  
Заманға кәрін төкті енді.  
Етігін сатып, нан тауып,  
Келмекке бұрды бетті енді.

Жаңа етік киген не теңім,  
Жігіттің жолын өтейін.  
Етікті салып нан тауып,  
Туыстар тездеп жетейін.

Қойнына тығып, дорбаны ап,  
Етікті сатып саудалап.  
Бір бөлке нанды әкелді,  
Сұқтанған елден қорғалап.

Мәрттігі ердің ақталды,  
Есінде елдің сақталды.  
Ескелді киген керзі етік,  
Шулаған бала шағаны,  
Аштықтан аман ап қалды.

Атаңның айтсам дерегін,  
Ұғып ал ұлым сен өзің.  
Ескелді аман ап қалған,  
Баланың бірі мен едім.  
Деді де жылап Тойбала,  
Өртеді елдің өзегін.  
Ұрпағы ердің екенсің,  
Батамды саған берейін.






---

Көзінде тұнған шуағы,  
Жігіттің еді қыраны.  
Ескелдіні есіне ап,  
Кемсеңдеп кемпір жылады.

Бала деп соққан жүрегі,  
Ескелді өте ірі еді.  
Ақындық жолын білмеймін,  
Жомарттығы шын еді.

Жадырап тұрған күз еді.  
Сексеннен асқан кейуана,  
Аштықтың дәмін біледі.  
Ескелдідей ерлердің,  
Рухына басын иеді.



---

## 1937 ЖЫЛДАР. ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНЫҢ БАСТАЛУЫ

Ұмыттырып өткен күн, «ақ табанды»  
Ашаршылық жылы да артта қалды.  
Қайта түлеп ұшатын қырандайын,  
Өнерге өмір қайта бастау алды.

Арада күндер, айлар, жылдар өтті,  
Ескелді ер намысын шыңдап өтті.  
Ел еңсесін енді ептеп жиған кезде,  
«Халық жауы» дегеннің ызғары есті.

Жаққандайын араға от алауды,  
Салды Сталин тағы да аса лаңды.  
Елім деп еңіреген талай ерлер,  
Жау атанып айдалып кете барды.

Партия айтқан сөзге тұрмайсың деп,  
Өткен күнді өзеуреп, қаузайсың деп.  
Үмбетке де содырлар жала жапты,  
Бай манап, ескілікті жырлайсың деп.

Белсенді, боз өкпелер қайраттанды,  
Тексіздер жер тебініп айбаттанды.  
Үмбетәлі ақынды Ізтілеуов,  
Милиция Ұзынағашқа айдап барды.

Тергеді қандай күнді өткердің деп,  
Ел басқарған кімдермен дос болдың деп.  
Жаңа өкімет жайлы сен өлең айтпай,  
Ескіні есіңе алып ескердің деп.

Болмаса да кінәсі аса тағы,  
Ақынға сонда да олар тас атады.  
Таппаған соң ілігер еш бір айғақ,  
Қырық күн, қамап әрең босатады.

Соны естіп Ескелді де сестенеді,  
Жағдайдың қиындығын ескереді.  
Жолықпай тұрған кезде бір жалаға,  
Аулақтап ел шетіне кеткен еді.

---

Ел жайлы сырттай ғана сұрап жүрді,  
Ауылға келмей біраз, жырақ жүрді.  
Жығылғанға жұдырық, сұм соғыстың,  
Басталғанын сол жақта бірақ білді.

Боялып қара бұлтпен аспан әрі,  
Күйзеліп тұрған сол бір шақта бәрі.  
Қолына қару алып Ескелді ақын,  
Ұлы Отан Соғысына аттанады.

Жау жақтан ызғарлы жел әлі соғар,  
Жазықсыз талай жанның қаны тамар.  
Украин жерінде қару алды,  
Қасында Жерлес досы Әбіке бар.

Соғыста жүріп елді еске алады,  
Қолдары қалт еткенде хат жазады.  
Нұрғисаұлы Әбіке ағайындас,  
Екеуі бір жүргенге шаттанады.

### **ХАРЬКОВТЕН КЕЛГЕН СОҢҒЫ ХАТ**

Аман ба Үмбет бауырым,  
Орнында тұр ма ауылым.  
Дәмегүл, Зейнеп есен бе,  
Соңымнан ерген жарығым.  
Мен жүрмін соғыс өтінде,  
Қолымда мылтық қаруым.  
Әзірге баса алмадық,  
Сұм фашистің дауылын.  
Неміс те осал болмай тұр,  
Құрсанып темір қаруын.  
Амандық болса қайтармыз,  
Жауыздың басып арынын.  
Украин жері қан майдан,  
Басына төнген зары мұң.

Арттағы қалған ел қалай,  
Бетеге өскен бел қалай.  
Аға деп ерген соңымнан,  
Құсайын, Имаш қал қалай.

---

Аттанған шығар ауылдан,  
Соғысқа талай боздақ-ай.

Сынаптай сусып зырлаған,  
Үмбетті ғана тыңдаған.  
Қырғыздың қызы Мәрия,  
Жеңешем менің жүр ме аман.  
Жылатпа Зейнеп, Дәмешті,  
Жылаған сірә қыз жаман.  
Жеңістің туын желпітіп,  
Ауылға түбі бір барам.

Жырларын төкен ескіден,  
Жанары отты деп білем.  
Қосбасарұлы Әсімхан,  
Соғыста жүр деп естіп ем.  
Еліне аман оралар,  
Жігіт қой туған текіден.  
Әбіке отыр окопта,  
Сәлемін оның жеткізем.

Жолдадық сәлем сендерге,  
Көнекөз көпті көргенге.  
Замандас еді сәлем де,  
Бір өскен Қуатбергенге.  
Денгелбайдың қос ұлы,  
Майдандамысың сендер де.  
Күн туса әлі көрерміз,  
Немісті мынау жеңгенде.  
Желбіретіп ту тігіп,  
Ауылға аман келгенде.  
Соғысқа ашық кіруге,  
Харьковтың тұрмыз түбінде.  
Қол боста сәлем жолдадым,  
Жағдайын елдің білуге.  
Алла жар болса кез келер,  
Кебенек бізге киюге.  
Ерлерге әлі күн туар,  
Жолдармен өскен жүруге.  
Туған жердің тастарын,  
Еңкейіп тұрып сүюге.


---

Ең соңғы Ескелдінің дерегі бұл,  
Мың тоғыз қырық үштің кезі еді бұл.  
Хабарсыз кетті содан қайран арыс,  
Деместен тірі еді не өлі еді бір.

Қалмады аман оның оттан жаны,  
Ақынның бірге өзімен кетті арманы.  
Соғыстан соң, бір хабар шығар ма деп,  
Көп жерге Үмбетәлі хат жолдады.

Естіліп зар қобыздың құйын зары,  
Сұм заман сұсын төгіп қиындады.  
Елім деп еңіреген Ескелдіге,  
Бір уыс топырақ та бұйырмады.


Алпыс бес көктем, жаз, қыс, күздер өтті,  
Ұрпағы қайран ерді іздеп өтті.  
Табылмай хас ақынның бір дерегі,  
Сарғайған сурет болып бізге жетті.



---

## ҮМБЕТӘЛІНІҢ ЕСКЕЛДІНІ ЖОҚТАУЫ

Қолыма алып домбыра,  
Зарлайын еді зарлайын.  
Ескелді інім қайда деп,  
Қарғалы тауын шарлайын.  
Айырылып сенен арысым,  
Тасқа да тиді маңдайым.  
Ескелдіні сағынып,  
Бозінген болып боздайын.  
Аға боп саған бауырым,  
Пана да бола алмадым.  
Басталмай тұрып сұм соғыс,  
Артыңнан іздеп бармадым.  
Өзіңнен еді айырылып,  
Запыран ішіп сорладым.  
Менен де мықты ақын ең,  
Арман да кеттің ардағым.  
Елесің жүр ме ел кезіп,  
Ботадай менің боздағым.  
Ренжітсем сені тіріңде,  
Кешіріп мені қой жаным.  
Өлігің қалды қай жерде,  
Оқ атты екен қай жауың.  
Өлеңмен өксіп қоштастым,  
Бақыл бол, бақыл бол жаным.



---

## ӘМІРЕМЕН ҚОШТАСУ

1938 жылдары Үмбетәлі қазіргі Жаңақұрылыс ауылында Сыдық деген азаматтың үйінде қасында Тұрлыбек, сол кездегі ел сыйлысы Әміре Шәріпбаев бар өткен-кеткенді әңгіме етіп отырады. Әміренің Ораз Жандосов, Ілияс Жансүгіровтермен дос-жарандығы бар екен. Соны естіген НКВД Әмірені іздеп келіп, достарының көзінше қолына кісен салып алып кетеді. Әміре сол кеткеннен оралмайды. Арыс азаматты артынан өкінішпен жоқтаған Үмбетәлінің бір-екі шумағы былай өріледі екен:

Атамыз Еділ, Жайық, Шолан қасқа,  
Жігітке не күн туар жала жапса.  
Талайға шуақ шашқан Әміре едің,  
Дәм айдап осы күні кеттің босқа.  
Жақсыға жаның құмар жігіт едің,  
Кезігерміз оралсаң, Алла жазса.  
Сәлем айт Ілияс, Ораз ерлеріме,  
Барасың кісенделіп сен де міне...

*(Өлең Үдербаев Сыдықтың баласы  
Сыдықов Нұрдәулеттің  
айтуы бойынша жазылды.)*

## КЕЙБІРЕУ

Кейбіреу ақылыңды жөн көрмейді,  
Өзімдікі дұрыс деп бой бермейді.  
Жазатайым жығылып, сүрінсе егер  
«Жәкөтай жебегін» деп жол бермейді.  
Бар болса, жоқ-жітікті тең көрмейді,  
Ертеңгі келер күнге ой бөлмейді,  
Басынан бағы тайып дәулеті ұшса,  
Алдыңда көбелектей көлбеңдейді.  
Тұлпарға жабы қоссаң тең келмейді,  
Атаның айтқан сөзін ұқпаған соң,  
Тезге сап заман түзер сендейлерді.

---

## АТАЖАНҒА

Текті бір туған атадан,  
Ізгілік елге жасаған,  
Болсаң да әйел ер мінез,  
Аманбысың, Атажан!  
Өзілге өзір сөзімсің,  
Ескіден қалған көзімсің,  
Өңгіме дүкен құруға,  
Жақсылар келсе мені іздеп,  
Қашан да өзің өзірсің.

Демегін мені қаужады,  
Адамның көп қой арманы.  
Селдіреп қалған ормандай,  
Азайды ауыл шалдары.  
Замандас, құрдас дегеннен  
Өзіңнен басқа қалмады.

## ЕЛУ ЖАС

Келгенде елу жасқа шықтым белге,  
Шығып тұрып қарадым төменгі елге.  
Белестен көрінеді көзге жақсы,  
Биік те, бетегедей төмендер де.  
Шығады сол халықтың арасынан,  
Дана да, данышпан да, кемеңгер де.  
Жақсының жаны құмар жаршысы боп,  
Еңіреп елдің қамын жегендер де.  
Харамдық ісіменен пайда тауып,  
Әділет мен жағында дегендер де.  
Ақылды туған ердің жібермейді  
Намысы белден түсіп төмендеуге.